

Іле ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 қарашадағы N 39-185 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылды 27 қарашада N 2929 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 10-49 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 26.12.2016 № 10-49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де занды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Іле ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды:

өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Үйде оқытын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (

бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес;  
алушының жеке басын куәландыратын құжатты;  
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;  
психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның  
қорытындысын;  
мүгедектігі туралы анықтаманы;  
банктегі шоттың болуы туралы құжатты;  
Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, кемтар баланың үйде оқу фактісін  
растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;  
4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық –  
медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысында  
көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытуудың қажеттілігі танылған сэттен  
бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген мерзімге тоқсан сайын  
төленеді.  
5) алғаш тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындары өтініш  
берген күннен бастап төленеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Тұрғындарды  
әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет  
және тіл мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап  
күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагайымы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Б. Сүлейменова

Е. Тұрымбетов